



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Тіл және сәйкестік

The background of the lower half of the page is a complex, abstract composition of numerous overlapping, semi-transparent geometric shapes. These shapes, primarily triangles and quadrilaterals, are scattered across the page in a variety of colors including shades of blue, teal, yellow, red, purple, green, and grey. The overall effect is a vibrant, multi-colored mosaic that creates a sense of movement and depth.



Ренессанс кезінде ұлт ұғымы Еуропада қалыптаса бастағанда, тілдің ұлтқа сәйкестігі зерттеле бастады. Тілдің ұлттық санаға, ұлт болмысына қаншалықты ықпалы бар, оның орны қандай, мәселен ұлттық психологияға қатысты тілмен сәйкестігі зерттеле бастады. Ұлт ұғымы кейін пайда болса да, адамзат тарихында қауым болып өмір сүреді. Әр қауымның өзіне тән тілі бар. Тілдер қауымдардың, ұлт-ұлыстардың тікелей тағдырына, болмысына, бар болуына әсер етеді. Тіл бар жерде ұлт бар. Тіл жоқ жерде, ұлт та жоқ. Ұлт болмысы тікелей соның тілімен қалыптасады. Өйткені тіл оның психологиясының көрінісі. Әрбір қауымдастық, ұлт, ұлыс, тайпа сөйлеген тілі оның психологиясының, мәдениетінің деңгейін көрсететін болады. Әрқашан әрбір қауым, ұлт өзінің тілімен мақтанып, өзінің тілі арқылы өзінің ұлттық болмысын қалыптастырғысы келеді. Бірақ әрқашан адамның ұлтқа деген көзқарасы, нанымы, сенімі, өмірдің шындығымен сәйкес келе бермейді.

Дүниежүзінде 7 мың тіл, 192 мемлекет бар. Әр мемлекеттің өзінің мемлекеттік тілі бар. Әр мемлекет өз тілінің стандарт тіл болғанын қалайды, ол үшін түрлі әрекеттер жасайды. Бір мемлекеттің ішінде тұратын азаматтар, егер олардың ауызбірлігін, ынтымағын қалыптастырғысы келсе, бір тілді болуы керек. Көптілділік елдің ынтымағына түбінде зиян келтіреді. Себебі тіл арқылы ұлттық сана өскен сайын, ол қауымдардың мемлекетке дегенде сұранысы артып отырады. Бір тілден басқа тілдер күшейсе, мемлекеттің біртұтас болуына қауіп төнеді. Тіл және ұлттық психология бір-бірімен сәйкес болып тұрмайды, яғни бір мемлекетте күшейген ұлыстар өздерін ұлттық деңгейге көтеремін деген кезде де, мемлекеттің саяси билігі ол ұлттың тілін әлсіретуге әрекет жасайды.

Тіл ұлт болмысының маңызды құралы. Қытайда да қазір ұйғырлардың мәселесі үлкен проблема. Қазақстан халқында да мемлекеттік тіл бар, бірақ, Қытайдың қазіргі ұстанатын саясаты оны әлсіретуге әрекет жасайды. Себебі көздеген мемлекеттік стандарт тілін барлық Қытайда жаппай дамытып, қолданыс аясын кеңейткісі келеді. Кезінде қытайлықтар ағылшындардың үстемдігінде болған, қазір болса, сол саясатты өздері ұстанып келеді. Сол саясаттың жүзеге асуына барлық жағдайды жасап жатыр. Адамның табиғаттағы бар психология, бір қауым басқа қауымға үстемдік еткісі келеді. Бүгінде әр мемлекет өз мемлекетін қалыптастыруға, тіл мәселесіне көңіл бөлуге мәжбүр болатын деңгейге жетіп отыр. Өзге ұлт өкілдері басқа мемлекетте өмір сүріп, сол елдің тілінде сөйлеуге мәжбүр болып отыр. Көптеген елдер көп ұлтты, бір ұлты бар елдер жоқ деуге де болады. Дегенмен Жапонияда тек қана жапондықтар өмір сүреді деген пікір қалыптасқан. Мәселен әлемнің ұлы державалары Америка, Қытай, Ресей көп ұлтты мемлекеттер. Бұл елдерде тіл мәселесі толықтай өз шешімін таба алмай келе жатыр. XX ғасырдың басында көптеген соғыстар болды, ұлттық мемлекеттер құрылды. Ұлттық мемлекеттердің ішінде басқа ұлттар өз қалаған деңгейінде өз тілін қолдана алмады.

Тіл және ұлт, сана, тіл және ұлттық психологиядағы сәйкестік мәселесі үлкен проблема. Дүниежүзінде ұлт, тіл, мәдениет жойылса, бәсеке де жойылады. Қоғамдық ұлттардың арасындағы бәсеке жойылса, адамзат өркениетіне зиян келеді.

Өркениет – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

Мәдени және рухани құндылықтан тек қана бір құндылыққа ауыса алады, ол материалдық және экономикалық құндылық.

Құндылық – объектінің жағымды не жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – социологиялық ұғым.

Қазіргі адамның ойы, көзқарасы, ниеті ақша табу, материалдық жағдайын жақсарту, басқа елдерге демалуға баруға т.с.с. Адамның ұлттық психологиясы келешекте бір айуандық психологияға алып келуі мүмкін деген ой туады. Кім күшті сол патша болады, мемлекеттің материалдық экономикалық жағдайын пайдаланады деген ойға да жетелейді. Сондықтан тіл, ұлт өзінің басты құндылығы деп мәдени, рухани құндылығын түсінуі қажет. Тіл әрбір ұлттың рухани және мәдени құндылықтарының сақшысы, әрбір ұлтты рухани биікке жетелейтін құралы. Тілдер жойылса, ұлттар да жойылады. Ұлттармен бірге оның мәдени құндылығы жойылады.

Өлі тілдер – қолданудан шыққан, жазба ескерткіштер мен жазбалардан ғана белгілі тілдер. Тілдердің жойылуы, әсіресе, байырғы жергілікті тұрғындары зорлықпен арнайы жеке аудандарға қоныстандырылған елдерде (АҚШ, Австралия) болады.

Тілдердің ұлт санасына, ұлт психологиясына сәйкестігін бүгінгі күнде ғалымдар, саяси тұлғалар кеңінен қарастырып жатыр. Ұлттық құндылықты, әсіресе, оның ішінде тілді сақтап



қалу жолдарын іздестіруде. Ол үшін алдымен дүниежүзінде қалыптасқан ұлттық саяси көз-қарасты дұрыстау қажет.

Еуропа елдерінде ұлт мәселесін, ұлттық сананы қалыптастырғаннан кейін, бірақ оларда қалыптасқан ұлттық сана үстем етуді қалайды, отаршыл саясатты қолдайды. Мәселен, француздар, ағылшындар, немістер күні бүгінге дейін тек қана өзінің ұлты емес, бүкіл әлемге үстемдік жасағысы келеді. Бір-бірін кемсітетіні сол саяси үстемділік. Ағылшындардың, француздардың, итальяндықтардың, немістердің халқы кейде бұл үстемділікке немқұрайлы, бейжай қарайды. Себебі олардың экономикалық, әлеуметтік жағдайы өте жақсы, мемлекетінің шет елдерде қаншалықты отаршылдық саясатын жүргізіп жатқанын білмейді.

Шовинизм (Наполеон Бонапарттың басқыншылық саясатына табынушы солдат Никола Шовеннің атына байланысты шыққан сөз) – шектен шыққан, жауыққан ұлтшылдық идеологиясы және саясаты. Шовинист өз ұлтын, тобын, табын басқалардан артық көріп, асыра бағалайтын адам.

Шығысты алып қарасақ, өкінішке орай, араб, түркі, парсы үшеуі де мұсылман, діні бір болса да, тілі әртүрлі, дегенмен бір-бірін кемсітеді. Бұл кемсіту, әрине, саяси биліктен шығып отырады. Халықтардың арасында қастандық, жауыздық, дұшпандық деген жоқ, оны тудыратын саяси билік. Саяси билік арқылы өздерінің арасында тілдерін жоққа шығарып, үстем еткісі келеді. Әрбір ұлттың ішінде, мәселен арабтардың арасында тек қана қазіргі ортақ тілінен басқа оларда көптеген диалектілер бар. Бірақ ол диалектілер бір-бірімен жарысып, арабтың стандарт тілін байытады. Бір тілдің ішіндегі диалект тілдер, негізгі тілді қалай байытады, ұлттар арасындағы қатынас та дәл солай.

Күні бүгінге дейін шығыстағылар бір-бірімен жанжалдасамыз деп, өзара бір-бірін кемсітіп, екі соққыға өз-өздерін жығып келеді. Оның бірі өздерінің соққысы, екіншісі батыстың үстемділігі. Сирия, Ирак, Таяу Шығыста, Иранда, Орталық Азиядағы көптеген азаматтар өздерінің елдеріне наразылық білдіріп батыс Еуропа елдеріне көшіп жатыр. Сол жерде өмір сүру ыңғайлы деп санайды, сол елдің тілін үйрену үшін аянбай еңбек жасап жатыр. Тілдің сақталуы, ұлттық сананың жетілуімен байланысты. Ұлттық сананың жетілуімен қатар, ұлттық саяси психология жетілуі керек. Кейбір Азия елдерінің азаматы батыс елдеріне еліктеп, онымен ұлтының құндылықтарына қарсы шығып тұрғанын біле де бермейді. Отарлау саясатының кесірінен осындай көптеген жағымсыз жағдайлар жалғасын тауып келе жатыр. Мәселен, Үнді елдерінің ағылшын тілдері, өздері үнді болғанымен, тілі екі тапта, ағылшын тілі жоғары тапта болса, үнді тілі төменгі тапта тұр. Мұндай жағдай түбінде не ұлттың жойылуына, не тілдің жойылуына алып келеді. Әлемде қазір ұлт пен тіл арасында сәйкестік көп кездеседі. Ұлт пен тіл арасындағы сәйкессіздік ұлт болмысы мен ұлттық психологияның сәйкестігін тудырып отыр.

Ұлттық болмыс – әлеуметтік психологияда, философияда, мәдениетте, этнологиядағы белгілі бір ұлттық қоғамның тұрақты ерекшеліктерін, санасын, қызығушылықтарын, рухани құндылықтарын, ынтасын, әлеуметтік-психологиялық қорғаныс тетіктерін сипаттайтын күрделі түсінік.

Тіл мен ұлттық болмыстың арасында сәйкестік жоқ. Осы сәйкессіздіктің жоқтығын отаршыл батыс елдері пайдаланып отыр. Өз азаматын отарлау арқылы шет елдерінің азаматтарына үстемдік жасап келеді. Өкінішке орай, ғылымның да үстемдігі батыстың қолында болып отыр.

Ұлт пен тілдің сәйкестігін орнату үшін әрбір адам өз тілімен қатар, ұлттық психологиясы мен ұлттық сананың арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету керек. Оған қол жеткізе алмаса, адасып өзге елдің үстемдігінде өмір сүріп жүреді.

Қорыта айтқанда, ұлт, тіл мәселесі, адами болмысты қалыптастыратын екі үлкен құндылық. Егер осы екі құндылық шын мәнінде сәйкес болса, адам да адам ретінде өзінің биігіне ұмтыла алады, адам ретінде өмір сүре алады.